

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ РӨЛІ

Ж. С. Қажиақпарова, пед. ғылымдарының кандидаты

Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті

Студенттің өзіндік жұмысы кредиттік технология бойынша оқытуда оқыту үдерісінің басым бөлігін құрайды, сондықтан студент білімінің сапасы өзіндік жұмыстың дұрыс ұйымдастыруына тікелей байланысты.

Самостоятельная работа студентов в ВУЗе является важным видом учебной и научной деятельности студента. Самостоятельная работа студентов (СРС) играет значительную роль в рейтинговой технологии обучения. Эффективность СРС достигается за счет приведения всех элементов самостоятельной работы в систему.

Self work in higher educational establishments is an important kind of academic and scientific activity of student. Student self work plays a significant role in rating technology of education. The efficiency of students self work is reached through the systematism of all elements of self work.

Жоғарғы білімнің негізгі міндеті өзін-өзі дамытуға, өз білімін жетілдіруге, жаңашыл іс-әрекетке қабілетті, шығармашыл, жасампаз тұлға қалыптастыру болып табылады. Бұл міндетті орындау оқытушының дайын білімді студенттің алақанына салып беруімен шектелмейтіні белгілі. Студентті білімді ырықсыз тұтынушыдан дилемма қоя алатын, оны шешу жолдарын түрліше қарастырып, ең жақсы нәтижені тауып, оның дұрыстығын дәлелдей білетін белсенді жасаушыға, құрастырушыға айналдыру қажет. Қазіргі таңда жоғарғы білімде жүріп жатқан бетбұрыстар оқыту парадигмасынан білім беру парадигмасына көшумен байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) білім беру үдерісінің ұстанымдық қағидасы ғана емес, оның негізіне айналуы тиіс.

Бұл міндет білімді белсенді тәсілдермен игеруге, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ағымдық жаппай оқытудан тұлғанын мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеретін жеке оқытуға көшуді меңзейді. Бұл жердегі әңгіме тек өзіндік жұмысқа бөлінетін сағаттардың көбеюі туралы ғана емес. Студенттердің өзіндік жұмысының рөлін күшейту жоғарғы оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінің студенттің өзін-өзі дамыту, алған білімін шығармашылықпен қолдану, әлемдік кәсіби іс-әрекетке бейімделу қабілеттерін дамытуға бағытталып құрылуын көздейді.

Сонымен қатар өзіндік жұмыс, оны жоспарлау, ұйымдастыру қалпы мен тәсілдері, нәтижелерді есепке алу жүйесі жоғарғы білім практикасының ең әлсіз тұстарының және педагогика теориясының ең аз зерттелген тақырыптарының бірі, әсіресе қазіргі білім беру жағдайындағы (білім беру стандарттарының енгізілуі, педагогикалық мониторинг жүйесін енгізу, т.б.) басты мәселелердің бірі.

Студенттердің өзіндік жұмысын жоспарлап, ұйымдастыруға арналған зерттеулерде бұл іс-әрекеттің жалпы дидактикалық, психологиялық, ұйымдастырушылық-әрекеттік, әдістемелік, логикалық және басқа да жақтары қарастырылып, қиындық келтіретін тұстары ашылып көрсетіліп, әсіресе дәстүрлі дидактикалық жоспар мәселесіне тоқталған. Алайда студенттердің өзіндік дәрісханалық және дәрісханадан тыс танымдық іс-әрекетінің мотивациялық, үдерістік, технологиялық қамтылуының мәселелері ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені ол студенттердің жеке қызығушылықтарын, қабілеттері мен бейімділіктерін ескеретін өз алдына біртұтас педагогикалық жүйе [1].

СӨЖ ұйымдастыру мен іске асырудың жетекші мақсаты студенттің білім алу мақсатымен сәйкес келуі тиіс – жоғары педагогикалық білімі бар маман мен бакалавр дайындау. СӨЖ ұйымдастырудағы ең басты маңызды шарт – оқу мен ғылыми іс-әрекетті ұйымдастыру мүмкіндігі мен білім-дағды алу үшін өзіндік жұмыс біліктерін қалыптастыру.

Студенттердің өзіндік жұмысының міндеттері:

↳ студенттерді өзіндік жұмысқа дағдылануға үйрету, дамыту және өзіндік білім алу мен әлеуметтену қажеттіліктерін қалыптастыру;

↳ дәрістер мен қосымша өз бетімен оқуға берілетін тақырыптарды зерттеу барысында пән мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін игеру;

↳ дәріс материалын өзіндік нұсқалау, семинарлық, практикалық және зертханалық жұмыстарға дайындалу барысында өңдеу арқылы курс негіздері мен мазмұнына тереңдеп, санамен түйсінү;

↳ семинар, практикалық және зертханалық сабақтарға, курстық және дипломдық жұмыстарға дайындық барысында жинақталған материалды қорытынды сынақтар мен емтихандарға тиімді әзірлену үшін қолдану.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық өмірдегі болып жатқан түбегейлі өзгерістер мен нарықтық қатынастар жоғары оқу орындарының алдына болашақ мамандарды кәсіби әрекетінде өздігінен шығармашылықпен еңбектене алатындай етіп даярлау, студентті әрекеттің объектісінен субъектісіне айналдыру, яғни оның бойында белсенді түрде өз бетімен жұмыс істей білу мен өзіндік дамуды, өзін-өзі басқару және өзін таныта білуді қалыптастыру мақсатын қойып отыр. Өйткені, болашақ маманның шығармашылықпен өздігінен жұмыс істеп, шешім қабылдай алуы фирмалар мен мекемелердің өндірістік және ғылыми-техникалық әрекетіне және олардың өзара бәсекелестікке төтеп беруіне ықпал етеді. Қазіргі заманғы қоғамға өз бетімен, шығармашылықпен құлшына жұмыс істейтін, еркін де кеңінен ойлайтын, өздігінен алдына мақсат қойып және оған жетудің әдіс-тәсілін шығармашылықпен анықтап және қолдана алатын кәсіби-маманның тұлғасы керек. Мұндай тұлғаның дамуына бағытталған білім берудің негізгі болып тұлғаның өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін жетілдіру үрдісі жатады. Ол еліміздің жоғарғы оқу орындарына эксперимент түрінде ендірілген кредиттік оқыту жүйесі арқылы жүзеге асады. Студенттерді шығармашылық түрде өздігінен жұмыс істеуге даярлау – білімнің инновациялық технологияларының басты қағидасы болып табылады.

Студенттің өзіндік жұмысы кредиттік технология бойынша оқытуда оқыту үдерісінің басым бөлігін құрайды, сондықтан студент білімінің сапасы өзіндік жұмыстың дұрыс ұйымдастыруына тікелей байланысты.

Студенттің шығармашылық түрде өздігінен жұмыс істеуінің іске асуы алдымен оқытушының өзі шығармашылықпен ізденіп, жұмысты дұрыс ұйымдастырып, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды өздік жұмыста қолдануынан басталады. Сондықтан да студенттердің шығармашылық сипаттағы оқу танымдық әрекеттерін ұйымдастыруда оқытушы олардың өздігінен білім алу, ғылым әдістерін және оны қолдану тәсілдерін меңгеруіне жағдай жасауы керек.

Студенттер шығармашылық сипаттағы үй тапсырмалары мен бақылау жұмыстарын орындауы үшін олар әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі керек. Әдістемелік орындау тәртібі егжей-тегжейлі баяндалып, типтік міндеттерді шешу үлгілері келтірілуі, оқу-әдістемелік әдебиет көрсетілуі тиіс. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану бірыңғай әлемдік білім кеңістігін құруды тездетеді. Сондықтан да оқытушыға шығармашылық сипаттағы өздік жұмыс тапсырмаларды орындау барысында студенттің жаңа ақпараттық технологияларды қолдануын ескеруі және оны өзі де қолдана білу талаптары қойылады.

Өздік жұмысты орындау барысында ғана дәрісте алған ақпарат білімге айналады, білік пен дағды қалыптасады. Шығармашылықпен жұмыс істеу және қажетті ақпаратты іздеу дағдысы жоқ студенттердің өздік жұмысы оқытушы тарапынан басқарылып, бақылануы қажет. Сондықтан оқытушы тек қана білімді беру ғана емес, студентті өздігінен жұмыс істеуге де үйретуі тиіс. Ол үшін:

9) шығармашылық сипаттағы өздік жұмыстың тапсырмаларының мазмұны пәнді оқыту мақсаты мен міндеттеріне сай, келешекте өз мамандығына қолдануына жарайтындай, студенттің білім деңгейіне сәйкес жасалынып, оны орындай алатындай болуы;

10) студентті өздігіне білім алу үшін ақпарат көздерін дұрыс пайдаланып, ақпаратты дұрыс іздеуге, талдауға және интерпретация жасай білуге үйрететіндей тапсырмалар жүйесінің құрылуы;

11) пән бойынша білім алушы қажетті оқу-әдістемелік кешенмен, анықтамалық материалдармен, баспа және электронды түрдегі оқулықтармен қамтамасыз етілуі;

12) “студент-оқушылар” кері байланысының жүйесі жасалып, ендірілуі;

13) оқытушының өз пәнін оқытуға құзіреттілігі, жаңа педагогикалық технологиялар мен ақпараттық технологияларды және өзіндік жұмысты ұйымдастырудың әр алуан түрлері мен әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануы;

14) пәнаралық курстық жұмыстар, іскер ойындар, топтық зерттеу жобалары, телекоммуникациялық жобалар сияқты біріктірілген өздік жұмыс түрлерінің жасалынып, ендірілуі және студенттің барлық пәндерден алатын барлық өздік жұмыстарының жүктемесінің тиімді болуы;

15) шығармашылық сипаттағы өздік жұмысты студенттің орындау мүмкіндігі мен жағдайы болуы, оқу орнының материалдық-техникалық базасының (зертханалар, қажетті оқулық қорымен қамтылған кітапхана мен оқу залы, компьютерлік класс, интернетте жұмыс істеп, сканерлеу, баспаға шығаруға мүмкіндік беретін мультимедиялық класс т.б) лайықтылығы және оның студентке ыңғайлы қызмет етуі;

16) өздік жұмыстың сапасын ұдайы бақылаудың жүйесінің болуы, пәнді оқыту және өздік жұмыстағы білім сапасын бақылау саясатымен (орындалатын жұмысты есепке алу және қалай бақылау), өздік жұмыс бағаларының қорытынды бағаға қаншалықты әсер етуімен студенттің алдын-ала таныс болуы, өздік жұмыстың әр түрлі нақты баллдық жүйеде объективті түрде бағаланып, ұдайы және жүйелі бақыланып, бағасы жинақтық бағаға кіруі қажет.

Өздігінен жұмыс жасау мен шығармашылықпен жұмыс жасау өзара тығыз байланысты. Кез келген маманның кәсіби әрекеті шығармашылықсыз мүмкін емес, әрі ол маманның өздігінен жұмыс істей білуіне тәуелді. Олай болса, студенттің (болашақ маман) шығармашылықпен өздігінен жұмыс істеуі оның кәсіби қалыптасу барысындағы тұлғалық және кәсіби сапаларының біртұтас жүйесі болып табылады. Шығармашылықпен өздігінен жұмыс істеу өзара байланысқан бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады [2]:

6) мотивтік-құндылық (өз құндылық жүйесінің рефлексиясы, болашақ мамандығына қызығуы мен шығармашылықпен қарауы, жоғары нәтижеге жетуге ұмтылысы);

7) когнитивті (тұлғаның зиялылық-танымдық сапалары, ойлау, қиялдау, түсіну, ұғыну рефлексия);

8) коммуникативті (бірлесе жұмыс істеуге даяр болу);

9) эмоционалды-еріктік (адамгершілік, жеке жауапкершілік, қиындықтарды өздігінен жену мен проблемалық жағдайларды өздігіннен шешуді қажетсіну);

10) креативті-әрекетті (түрлі жағдайларда шығармашылықпен әрекет ету).

Шығармашылықпен әрекет жасаушы тұлға зиялылық және эмоционалдық белсенділік, тұлғаның өз белсенділігі және танымдық мотивтер арқылы қалыптасады. Оқыту барысында шығармашылық үшін тек студент пен оқытушы арасындағы диалог ғана емес, түрлі кәсіби және оқу әрекеттері барысында студенттердің өзара қарым қатынасы, студенттің өздігінен білім алу мен берудің ұйымдастырушылық құрылымының деңгейінде өздігінен жұмыс істеуге, жауапкершілікке және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбиелеу үрдісі арқылы іске асады.

Еліміздің жоғары оқу орындарында ендірілген кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің өздігінен жұмыс жасауына уақыт көп бөлінген. Оқу сабақтарының басым бөлігін түрлі іскер ойындар, тренингтер, диспуттар, семинарлар және тағы да басқа осы сияқты белсенді шығармашылық нысанда жүргізу ұсынылады. Білім алушылар жеке жұмыс жоспарлары арқылы оңтайлы ырғақта оқи алады, өздік жұмыстың уақытын қалай жұмсауды және орындауды өзі шешеді.

Өздік жұмыстың жеке тапсырмалары білім алушылардың білімді меңгерудің репродуктивті, реконструктивті, вариативті, ізденіс, шығармашылық сияқты деңгейлерін ескере отырып жасалынады.

Шығармашылық пен ғылыми зерттеу сипатындағы өздік жұмысқа жататын курстық және дипломдық жұмыстар студенттерге алған білімдерін оқытушының жетекшілігімен іс жүзінде қолдануды үйренуге, әрі өздігінен практикалық жұмысқа студенттің қалай даярланғанын бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл жұмыстардың тақырыбы мен мазмұнына өмірде қолдануға қатысты, болашағы бар мәселелерді, жаңа және соңғы техникалық шешімдер, әдістемелік тәсілдер, алдыңғы қатарлы болашағы бар технологияларды қолдану, студенттің болашақ қызметіне қатысты немесе жоғары оқу орнындағы оқу үрдісін қамтамасыз етуге, жетілдіруге ықпал ететін нақты міндеттерді шешу сияқты талаптар қойылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Пидкасистый, П. И. Педагогика: учебн. пособие для студ. пед. вузов и пед. колледжей / П. И. Пидкасистый. – М.: Пед. общ-во России. – 1998.

2. Әбиев, Ж. Ә. Педагогика: оқу құралы / Ж. Ә. Әбиев, С. Б. Бабаев, А. М. Құдиярова. – Алматы : Дарын. – 2004. – 448 б.